



## НАСТОЛЬНЫЙ ВЕНТИЛЯТОР AVA FTD-15


Руководство по эксплуатации  
Пайдалану бойынша нұсқаулық

### Описание

1. Мотор
2. Защитная решетка
3. Лопасты
4. Зажим
5. База
6. Переключатель скорости режимов

### Сипаттамасы

1. Мотор
2. Қорғаныс торы
3. Қалақтар
4. Қысқыш
5. Негіз
6. Режимдер жылдамдығын ауыстырып-қосқыш



Фактическая комплектность данного товара может отличаться от заявленной в настоящем руководстве. Внимательно проверяйте комплектность при выдаче товара продавцом.

Бұл тауардың нақты жинағы осы нұсқаулықта жарияланғаннан басқа болуы мүмкін. Сатушы тауарды берген кезде жинағын мұқият тексеріңіз.

## **РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ** **МЕРЫ БЕЗОПАСНОСТИ**

Внимательно прочитайте данную инструкцию перед эксплуатацией прибора и сохраните ее для справок в дальнейшем.

- Перед первоначальным включением проверьте соответствие технических характеристик изделия, указанных в маркировке, электропитанию в Вашей локальной сети.
- Назначение: Прибор предназначен для использования в бытовых целях согласно данному руководству по эксплуатации. Прибор не предназначен для промышленного применения. Прибор используется для дополнительной циркуляции воздуха в помещении. Не использовать вне помещений.
- Следите, чтобы сетевой шнур не касался острых кромок и горячих поверхностей.
- Не тяните, не перекручивайте и не наматывайте сетевой шнур вокруг корпуса прибора.
- При отключении прибора от сети питания не тяните за сетевой шнур, беритесь только за вилку.
- Запрещается самостоятельно ремонтировать прибор. Не разбирайте прибор самостоятельно, при возникновении любых неисправностей, а также после падения устройства выключите прибор из электрической розетки и обратитесь в ближайший сервисный центр.
- Не используйте прибор с поврежденным сетевым шнуром или другими повреждениями.
- При повреждении шнура питания, его замену, во избежание опасности, могут осуществлять только квалифицированные специалисты – сотрудники сервисного центра. Неквалифицированный ремонт представляет прямую опасность для пользователя.
- Использование не рекомендованных дополнительных принадлежностей может быть опасным или привести к повреждению прибора.

- Всегда отключайте прибор от электросети перед чисткой, или, если Вы им не пользуетесь.
- Во избежание поражения электрическим током и возгорания, не погружайте прибор в воду или другие жидкости. Если это произошло, немедленно отключите его от электросети и обратитесь в сервисный центр для проверки.
- Прибор не предназначен для использования лицами (включая детей) с пониженными физическими, чувственными или умственными способностями или при отсутствии у них опыта или знаний, если они не находятся под контролем или не проинструктированы об использовании прибора лицом, ответственным за их безопасность. Дети должны находиться под контролем для недопущения игры с прибором.
- Не касайтесь вращающихся частей во время работы вентилятора.
- Следите, чтобы посторонние предметы не попадали в отверстия прибора или в его решетки.
- Не блокируйте вентиляционные отверстия на корпусе мотора.
- Не пользуйтесь вентилятором без решеток.

### **ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРИБОРА**

Данная модель снабжена специальным зажимом, который позволяет устанавливать вентилятор на любой подходящей вертикальной или горизонтальной поверхности. Отсоедините базу от вентилятора и прикрепите вентилятор к столу или какой-нибудь перегородке.

### **УСТАНОВКА СКОРОСТИ ПОТОКА ВОЗДУХА**

Установите переключатель скорости потока воздуха в необходимое положение:

- 1 - минимальная скорость работы вентилятора
- 2 - максимальная скорость работы вентилятора
- 0 - выкл.

### **ЧИСТКА И УХОД**

Перед чисткой всегда отключайте прибор от сети питания. Для чистки вентилятора используйте ткань, смоченную в мыльном растворе. Не используйте для чистки абразивные чистящие средства. Ни в коем случае не опускайте прибор в воду и не позволяйте воде проникать в корпус мотора.

### **ХРАНЕНИЕ И ТРАНСПОРТИРОВКА**

- Убедитесь в том, что прибор отключен от сети и полностью остыл. Перед тем, как убрать прибор выполните все требования раздела ЧИСТКА и УХОД.
- Условия хранения: хранить при плюсовой температуре и влажности воздуха не более 80%. Срок хранения – не ограничен.
- При транспортировке обеспечить сохранность упаковки.

### **РЕАЛИЗАЦИЯ**

Осуществляется согласно общим правилам реализации товаров и оказания услуг и Законом «О защите прав потребителей».

### **ПРАВИЛА И УСЛОВИЯ УТИЛИЗАЦИИ**

Упаковку, руководство пользователя, а также сам прибор необходимо утилизировать в соответствии с местной программой по переработке отходов. Не выбрасывайте такие изделия вместе с обычным бытовым мусором.

#### ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Электропитание	Мощность	Вес	Размеры коробки (Д x Ш x В)
220-240 В, 50 Гц	20 Вт	0,7 кг	200 x 160 x 160 мм



#### **Дата изготовления**

Дата изготовления указана на коробке или на стикере на корпусе прибора

#### **Товар сертифицирован на территории Таможенного союза. Товар соответствует требованиям:**

ТР ТС 004/2011 «О безопасности низковольтного оборудования», ТР ТС 020/2011 «Электромагнитная совместимость технических средств» ТР ЕАЭС 037/2016 «Об ограничении применения опасных веществ в изделиях электротехники и радиоэлектроники»

#### **Изготовитель:**

FOSHAN NANHAI BOQI ELECTRIC CO., LTD  
Donglianjincheng Industrial Zone, Danzao Town,  
Nanhai District, Foshan City, Guangdong Province, China

#### **Юридическое лицо, принимающее претензии**

Республика Казахстан, 050009, г. Алматы, АО "Technodom Operator" (Технодом Оператор), ул. Курмангазы 178 А, тел: + 7 (727) 244 00 00

#### **Сделано в Китае**

## **ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ**

Құрылғыны пайдаланар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығып, кейін анықтама алу үшін сақтап қойыңыз.

- Алғаш қосар алдында бұйымның таңбаламасында көрсетілген техникалық сипаттамалары жергілікті желіңіздегі электр қуатына сәйкес келетінін тексеріңіз.
- Тағайындалымы: Құрылғы осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұрмыстық мақсаттарда пайдалануға арналған. Құрылғы өнеркәсіпте қолдануға арналмаған. Құрылғы бөлмедегі қосымша ауа айналымы үшін қолданылады. Үй-жайдан тыс жерде қолдануға болмайды.
- Желілік баусымның өткір шеттер мен ыстық беттерге тимеуін қадағалаңыз.
- Желілік баусымды құрылғы корпусын айналдыра орамаңыз, бұрамаңыз және тартпаңыз.
- Құрылғыны қуат желісінен ажыратқанда желілік бауды тартпай, тек ашадан ұстаңыз.
- Құрылғыны өз бетіңізше жөндеуге тыйым салынады. Кез келген ақау туындаған жағдайда құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз, сондай-ақ құрылғы құлағаннан кейін оны электр розеткадан суырып, жақын орналасқан сервис орталығына жүгініңіз.
- Зақымдалған желілік сымы немесе басқа зақымдары бар құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Қуат баусымы зақымдалған жағдайда қауіптің алдын алу үшін оны тек білікті мамандар – сервис орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Біліксіз жөндеу әрекеті пайдаланушыға тікелей қауіп төндіреді.
- Кеңес берілмеген қосымша керек-жарақты пайдалансаңыз, қауіп төнуі немесе құрылғы зақымдануы мүмкін.
- Құрылғыны тазалар алдында немесе пайдаланбаған кезде оны әрдайым электр желіден ажыратыңыз.
- Электр тоғы соқпас үшін және тұтанбас үшін құрылғыны суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз. Егер мұндай жағдай орын алса, оны бірден электр желісінен ажыратып, тексеру үшін сервис орталығына жүгініңіз.
- Құрылғы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері төмен немесе қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаның тарапынан бақылауда болмаған не құрылғыны пайдалану туралы нұсқау алмаған тәжірибесі немесе білімі жоқ тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. Құрылғымен ойнауды болдырмау үшін балалар бақылауда болуы керек.
- Желдеткіш қосулы тұрғанда айналмалы бөліктерін ұстамаңыз.
- Құрылғы саңылауларына немесе торларына бөгде заттардың түспеуін қадағалаңыз.
- Мотор корпусындағы желдету саңылауларын жаппаңыз.
- Торсыз желдеткішті қолданбаңыз.

## **ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ**

Бұл үлгі желдеткішті кез келген қолайлы тік немесе көлденең бетке орнатуға мүмкіндік беретін арнайы қысқышпен жабдықталған. Желдеткіштен негізін ажыратып, желдеткішті үстелге немесе қандай да бір қалқаға бекітіңіз.

## **АУА АҒЫНЫНЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫН ОРНАТУ**

Ауа ағыны жылдамдығын ауыстырып-қосқышты қажетті күйге қойыңыз:

- 1 – желдеткіштің ең төмен жұмыс жылдамдығы
- 2 – желдеткіштің ең жоғары жұмыс жылдамдығы
- 0 – сөнд.

## **ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ**

Тазалар алдында әрқашан құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз. Желдеткішті тазалау үшін сабын ерітіндісіне малынған шүберекті пайдаланыңыз. Тазалау үшін түрпілі тазартқыш құралдарды қолданбаңыз. Ешбір жағдайда құрылғыны суға түсірмеңіз және судың мотор корпусына енуіне жол бермеңіз.

## **САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ**

- Құрылғының желіден ажыратылғанына және толық суығанына көз жеткізіңіз. Құрылғыны алып тастамас бұрын барлық талаптарды орындаңыз.
- Сақтау шарттары: ауаның плюстік температурасы мен ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда сақтаңыз. Сақтау мерзімі шектелмеген.
- Тасымалдау кезінде қаптаманың сақталуын қамтамасыз етіңіз.

#### **САТУ**

Тауарларды сату мен қызмет көрсетудің жалпы ережелеріне және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **ЖОЮ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ**

Қаптаманы, пайдаланушы нұсқаулығын, сондай-ақ құрылғының өзін қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті бағдарламасына сәйкес тастау керек. Мұндай бұйымдарды кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз.

#### **ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ**

Электр қуаты	Қуаттылығы	Салмағы	Қорап өлшемдері(ҰЕБ)
220-240 В, 50 Гц	20 Вт	0,7 кг	200 x 160 x 160 мм



#### **Жасалған уақыты**

Жасалған уақыты қорап пен құралдың корпусындағы жапсырмада көрсетілген.

#### **Тауар Кеден одағының аумағында сертификатталған. Тауар келесі талаптарға сәйкес келеді:**

КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдық қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы»

#### **Өндіруші**

FOSHAN NANHAI BOQI ELECTRIC CO., LTD  
Donglianjincheng Industrial Zone, Danzao Town,  
Nanhai District, Foshan City, Guangdong Province, China

#### **Кінәрат-талаптарды қабылдайтын заңды тұлға**

Қазақстан Республикасы, 050009, Алматы қаласы, “Technodom Operator” (Технодом Оператор) АҚ, Құрманғазы көшесі 178 А, тел: + 7 (727) 244 00 00

#### **Қытайда жасалған**